

Екібастұз қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 4 мамырдағы "Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу тәртібі туралы" N 396/5 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Екібастұз қалалық әкімдігінің 2010 жылғы 10 желтоқсандағы N 1013/12 қаулысы. Павлодар облысы Екібастұз қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 29 желтоқсанда N 12-3-282 тіркелген. Күші жойылды - Павлодар облысы Екібастұз қалалық әкімдігінің 2011 жылғы 23 тамыздағы N 751/7 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Екібастұз қалалық әкімдігінің 2011.08.23 N 751/7 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 18-1-бабы, 4-тармағына сәйкес, халықтың нысаналы топтарындағы жұмыссыздарды жұмысқа орналыстыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеуді ұйымдастыру мақсатында және кадрлық өзгерістердің болуына байланысты, Екібастұз қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Екібастұз қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 4 мамырдағы "Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу тәртібі туралы" (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 12-3-266 болып тіркелген, 2010 жылғы 27 мамырдағы N 22, N 20 "Отарқа" және "Экибастузское обозрение" газеттерінде жарияланған) N 396/5 қаулысына, (бұдан әрі – қаулы), келесі өзгерістер енгізілсін:

1) әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу бойынша комиссия құрамына (бұдан әрі – Комиссия):

Әлия Қоқышқызы Базарбаева, "Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының міндетін атқарушы, Комиссия төрағасының орынбасары болып;

Гүлмира Мақсұтқызы Мәкішева, "Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің жұмыспен қамту секторы меңгерушісінің міндетін атқарушы, Комиссия мүшесі
р е т і н д е е н г і з і л с і н ;

2) Комиссия құрамынан С.Ә. Арыстанов, С.К. Мұстафина шығарылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Екібастұз қаласы әкімінің орынбасары **Ғ.А. Оспанқұловқа** жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Екібастұз қаласының әкімі

А. Вербняк

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК